

## Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

Мамандығы: Кеден ісі

Шифр: 5B030400

Пән: Кеден ісі саласындағы криминалистика және анықтау

## 6. СӨЖ тапсырмалар

СӨЖ дайындалу үшін материалдарды қарастыру кестесі

№	Тақырыптардың атауы және СӨЖ тапсырмаларының мазмұны	тапсыру мерзімі	бақылау нысаны және баллдар	сағат саны
1	Криминалистикалық міндеттерді шешуді қамтамасыз етудің ғылыми-техникалық құралдары.	3-4 апта	5 балл Шығарма Эссе Тұлғалық-бағдарлық	-
2	Кеден органдарының қылмыстық іс жүргізушілік және криминалистикалық қызметі.	6-7 апта	5 балл презентация Тұлғалық-бағдарлық	-
3	Кеден органдарымен жүргізілетін тергеу өндірісі барысындағы жедел-іздігі ақпаратының рөлі	10-11 апта	5 балл Әдеби шолу Реферат Тұлғалық-бағдарлық	-
4	Кеден органдарының құқық қорғау қызметінде арнайы білімдерді қолдану.	14-15 апта	5 балл Жеке жоба Топтық-жобалық	-
	<b>Барлығы</b>	<b>15 апта</b>	<b>20 балл</b>	<b>-</b>

**СӨЖ тапсырмаларына қойылатын талаптар:**

Студенттер СӨЖ тапсырмалары силлабуста белгіленген тақырыптар бойынша жазбаша нысанда дайындалады. Студент тарапынан дайындалған СӨЖ оқытушының офис сағантарында қорғайды. Қорғау кезінде тақырыпты қысқаша түсіндіреді және сол тақырыпқа байланысты оқытушы тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруі талап етіледі.

**СӨЖ туралы талаптар:**

Тақырыптың негізіне кірмес бұрын студент СӨЖ тақырыбына кіріспе жасайды. Кіріспеде тақырыптың қысқаша тарихына тоқталады, құқықтағы орны мен маңызы қарастырылады. Осыдан кейін негізіне тоқталады. Осы бөлімде тақырыпты жан жақты ашуға тырысады. Осы тақырыпқа байланысты ғылыми пікірлер, тәжірибеге тоқталады. Жұмыста студент тақырып шеңберінде еңбекте қаралған сұрақтарды көрсетіп автордың субъективті позициясын ашуға тиісті. Осыдан кейін барып өзіндік қорытынды жасалады. Қорытынды да тақырыпқа байланысты өзіндік тұжырым, түйіндемелер жасалады.

Студенттер СӨЖ жазу барысында жұмыс бағдарламасында сонымен қатар силлабустарда көрсетілген әдебиеттерді пайдалана алады. Жұмыстың көлеміне байланысты шектеулер жоқ, бірақ тақырыпты жеткілікті дәрежеде ашуы тиіс. СӨЖ орындауда жоспары, мазмұны және қолданылған әдебиет тізімі көрсетіледі. Қолданылған әдебиеттер тізімінде, ғылыми еңбектің аталуы, авторы, баспа атауы, шыққан жері мен жылы көрсетіледі.

**СӨЖ мақсаты:** тақырып шеңберінде жоспарда көрсетілген сұрақтар бойынша негізделген ғылыми және тәжірибелік қорытындыларды шығару.

### **СӨЖ нысанының түрлері**

1. **Тақырып сұрағының презентациясы** – студенттің үйде тыңғылықты дайындалып келуі(кестелерді, сызбанұсқаларды, оргтехникалар мен басқа да интерактивті әдістерді пайдалануы)
2. **Жеке жоба** – сабақ барысындағы оқытушының сұрағына жауап беру, арнайы білімді пайдаланып, өзінің логикалық тұрғыдан көзқарасын негіздеу.
3. **Пікірталастарға қатысу (іскерлік ойындар)** – студенттің қойылған тапсырма бойынша пікірталастық негіздегі, авторлық позициямен қайнар көздерді меңгеру түріндегі белсенді іс-әрекеті.
4. **Топтық жоба** – қойылған мәселені талдау бойынша студенттің кең және терең қызығушылығын көрсетіп, танытуы.
5. **Эссе** – студенттің жіберілген тақырыптар бойынша өз бетінше мазмұндамасын жеткізуі(жазбаша)
6. **Шығарма** – аудиториялық шектеулі уақыт жағдайында зерттеліп отырған тақырып немесе тақырып циклы бойынша өзіндік, жазбаша шығармашылық материал.

СӨЖ жазбаша нысанда, тақырыпты ашып, негіздеп жазу түрінде тапсырылады және студент тарапынан қорғалады, бұл жайында тапсырма бөлімінде айтылған. СӨЖ тақырыптары төменде белгіленген тақырыптардың алғашқы үшеуі жетінші аптаға дейін оқытушының офис уақыттарында тапсырылады, ал кейінгі екеуі, яғни 4-5 тақырыптар он үшінші аптаға дейін тапсырылады. Кешіктірілген жұмыстар қабылданбайды.

### **Силлабуста көрсетілген мерзімнен кейін даярланған СӨЖ қаралмайды.**

**Реферат.** Студентте бір тақырыпты таңдау құқығы бар, осы тақырып бойынша ол материалдарды жинап, қорғау үшін реферат әзірлеу тиіс. Рефераттардың қорғалуы оқытушымен тағайындалған мерзімде өткізіледі (сабақ кестесіне сәйкес).

### **Рефераттарды дайындау және рәсімдеу бойынша нұсқаулар**

Рефератты жазғанда осындай жағдайларға назар аударылады:

Реферат ғылыми әдебиеттерде, сондай-ақ басқа ақпарат көздерінде (интернет, газеттер мен журналдар және т.б.) белгілі өзекті тақырып бойынша жарияланған концепциялардың айқындалуы болып табылады. Рефератта ешқандай жаңалықтың элементтері болуға тиісті емес, бұл жерде бірнеше қайнар көздерінде көрініс тапқан берілген тақырыптағы негізгі идеяларды сауатты айтып беру және оларды әр түрлі көзқарастар бойынша топтастыру жеткілікті болып табылады.

Рефераттың көлемі 5-тен кем емес және 15 баспа беттен артық емес болады. Рефератты Word 6,0 немесе 7,0 (Windows'2000) редакторы пішінде теру керек, бет үлгісі – А4; қаріп (шрифт) түрі – Times New Roman (KZ Times New Roman), қаріп (шрифт) өлшемі – 14.

Мәтінде артық, тақырыптан басқа жаққа алып кететін, керегі жоқ мәліметтер болмау тиіс. Реферат мазмұнының берілген тақырыпқа сәйкестілігі бағалаудың маңызды критеріі болып саналады. Сондықтан рефераттың бас мақсаты ақпарат көздерін толық пайдаланып, авторлардың пікірлерін дұрыс түсіну және жұмыста оларды өзгертпей көрсете білу.

Рефераттың құрылымы қойылған міндеттемелерге байланысты.

Реферат титулдық беттен басталады. Одан кейін мазмұны көрсетіледі. **Мазмұны** рефераттың жоспары болып табылады, бұл жерде әр бөлімнің қасында тиісті беттердің нөмірі көрсетіледі.

Рефераттың мәтіні үш бөлімге бөлінеді, яғни кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды.

**Кіріспеде** тақырыптың өзектілігі негізделеді, сонымен бірге негізгі мәселелер, жұмыстың мақсаты мен міндеттері, пайдаланған қайнар көздері сипатталады.

Жұмыстың **негізгі бөлімі** реферат логикалық қатарының басты элементі болып табылады. Ол бірнеше тараудан немесе біртұтас мәтіннен тұрады. Негізгі бөлімде кезегімен, тараулар арасындағы логикалық байланыстың сақталынуымен кіріспеде қойылған мәселесі сипатталады, осы сұрақ бойынша алуан пікірлер көрсетіледі, авторлық

көзқарасы негізделеді. Қажет болған жағдайда рефераттың мәтіні суреттер, кестелер мен сызбалармен толықтырылады.

Жұмыстың **қорытындысында** зерттеу жұмысының теориялық мәселелеріне қатысты басты-басты қол жеткен тұжырымдары көрініс табады.

Рефераттын соңында библиографиялық тізімі яғни пайдаланылған әдебиеттер мен басқа қайнар көздерінен тізімі көрсетіледі.

Рефераттың рәсімделенуі де жұмыстың маңызды аспектісі болып табылады, себебі рефераттың дұрыс рәсімделгені қорытынды бағаға ықпал етеді. Өзекті, қызықты жазылған рефераттың құнтсыз рәсімделуі бағаны төмендетуге негіз бола алады.

**2. Жазбаша жұмыс.** Белгілі бір тақырып немесе бірнеше тақырып, сондай-ақ бүкіл курс бойынша әзірленген сұрақтарға жауап беруге дайындалу.

**3. Логикалық тапсырмалар:** студенттерге курсының әр тақырыптары бойынша логикалық тапсырмалар ұсынылады. Тапсырмалар ұсынылған әдебиеттердің негізінде жазбаша нысанда орындалады.

#### **4. Баяндама.**

Баяндаманы әзірлеу жоспары:

- оқытушымен бірге тақырыпты таңдау;
- базалық оқулық пен оқу-әдістемелік құралы бойынша тақырыпты зерттеу;
- баяндаманың негізгі идеяларын айқындау;
- ұсынылған әдебиетпен танысу;
- баяндаманың жоспарын құру;
- тақырып бойынша негізгі ұғымдарымен сөздіктер мен анықтамалықтардың көмегімен танысу;
- баяндаманың тезистерін әзірлеу;
- мысалдар мен иллюстрацияларды табу, көптеген тақырыптар бойынша Power Point бағдарламасында орындалған презентацияны көрсету баяндаманы жақсы әшекейлейді;
- баяндаманың мәтінің дайындау.

Баяндаманың ұсынылатын ұзақтығы – 10 мин.

Баяндаушының сөздерінен кейін аудиторияның сұрақтарына жауап беру және оқытушының тұжырымдамасы үшін уақыт қалдырылады.

Жариялы баяндаманың құрылымы.

Классикалық риторикада ауызша баяндаманың үш бөлімнен тұратын құрылымы қалыптасқан: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.

**Кіріспе** талқыланатын тақырыпқа тыңдаушылардың назарын аудару тәсілі. Әдеттей кіріспе баяндама уақытының сегізден бір бөлігін алады.

**Негізгі бөлімінде** тақырып толығымен ашылып, тиісті мәліметтер және дәлелдер келтіріледі.

Негізгі бөлімінде жиі жіберілетін қателіктерге жатады:

- тақырыптың шегінен шығып кету;
- нақты жоспардың жоқтығы;
- бір сұрақтан басқа сұраққа секіріп кету.

**Қорытынды** қысқаша және анық болуға тиіс. Сонымен бірге тыңдаушыларға көңіл аударғандары үшін рахмет айтуға болады.

**Аралық бақылау** Қылмыстың жекеленген түрлерін тергеу әдістемесі пәні бойынша 7 және 15 апта аралығында 2 аралық бақылау өткізу қарастырылған. Бірінші аралық бақылау Кеден органдарының қылмыстық іс жүргізушілік және криминалистикалық қызметі қатысты студенттердің меңгеру деңгейін анықтау үшін жүргізіледі. Екінші аралық бақылау, атап айтқанда: Кеден органдарымен жүргізілетін тергеу өндірісі барысында кейінге қалдыруға болмайтын тергеу әрекеттерін жүргізуді тактикалық қамтамасыз ету мәселелер қарастырылған. Аралық бақылау ауызша және жазбаша, реферат жеке және топтық жоба түрде орындалады.

**1-ші Аралық бақылау сұрақтары:**

1. Кеден органдарының құқық қорғаушылық қызметінің міндеттерін технико-криминалистикалық шешу.
2. Кеден органдарының құқық қорғаушылық қызметін жүргізу кезінде компьютерлік технологияларды қолданудың негізгі бағыттары.
3. Жедел-іздістіру қызметінің ұғымы және құқықтық негіздері.
4. Жедел-іздістіру шаралары. Олардың түрлері.
5. Криминалистика ғылымының ұғымы және атқаратын міндеттері.
6. Кеден органдарында анықтау қызметінің ұғымы.
7. Кеден органдарының алдын-ала тергеу органдарымен өзара әрекеттесуі.
8. Алғашқы тергеу әрекеттерінің ұғымы.
9. Кейінгі тергеу әрекеттерінің түсінігі.
10. Криминалистикалық есеп.

**2-Аралық бақылау сұрақтары:**

1. Кеден органдарының құқық қорғаушылық қызметінің қылмыстық-құқықтық және қылмыстық іс жүргізушілік нысаны.
2. Тінту – кейінгі тергеу әрекеті ретінде.
3. Контрабанданы тергеу кезінде жүргізілетін алғашқы тергеу әрекеттері.
4. Жауап алуды ұйымдастыру.
5. Кедендік төлемдер мен алымдарды төлеуден жалтарумен байланысты істер бойынша анықтау жүргізуді криминалистикалық қамтамасыз ету.
6. Кеден органдарының жедел-іздістіру қызметінің тактикасы.
7. Кеден органдарының қылмыстық іс жүргізушілік қызметінде тактико-криминалистік ақпараттарды қолдану.
8. Арнайы білімді кеден органдарында қолдану.
9. Кедендік сараптаманың ұғымы.
10. Кеден органдарында криминалистикалық техниканы қолдану

**Курс саясаты**

Лекция мен тәжірибелік сабақтарға міндетті түрде қатысу;  
тәжірибелік және өзіндік жұмыстарына жүйелі түрде дайындалу;  
сабаққа ынтығушылық пен белсенділік таныту;  
берілген тапсырманы мерзімінде орындау;  
ғылыми студенттік ұйым жұмыстарына белсенділікпен қатысу;  
төмендегідей әрекеттерге тиым салынады:

- лекция мен сабаққа кешігуге және одан кетіп қалуға;
- сабақ үстінде ұялы телефондарды қолдануға;
- сабақ үстінде оқытушы мен студенттерге кедергі жасауға;
- сабақ үстінде сағыз шайнауға;
- берілген жазбаша жұмыстарды бір-бірінен көшіруге;
- сабақ үстінде басқа пәндердің тапсырмаларын орындауға;
- себепсіз сабақтан сұрануға.

Лекция және тәжірибелік сабақтарын қалдырмай, барлық сабақтарда дұрыс жауап беріп, аралық бақылаулардан жоғары балл алған, белсенді түрде қатысып жүрген студенттерге емтихан тапсырмастан жоғары балл қойылады.

**Баға қою саясаты.**

Емтихандық баға аралық, ағымдық бақылаулар мен емтиханның (40%) үлгерімдік көрсеткіш жиынтығынан тұрады және барлығы 100%-ды құрайды. Аралық, ағымдық бақылау нәтижелері жинақталу принципі бойынша интранетке енгізіп және емтиханға

жіберудің негізі болып табылады. Егер студент семестр бойынша максималды баллдың 60%-ынан кем жинаса емтиханға жіберілмейді.

## 7. Пәнді оқу-методикалық қамтамасыз ету.

### 7. Ұсынылатын әдебиеттердің тізімі.

#### А) Нормативтік әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл (өзгертулер мен толықтыуларды қоса)
2. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы 24 тамыз 2010 жыл // Егеменді Қазақстан
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Кодексі (өзгертулер мен толықтыуларды қоса)
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі (өзгертулер мен толықтыуларды қоса)
5. ҚР ЖІҚ туралы заңы 15 қыркүйек 1995 ж (өзгертулер мен толықтыуларды қоса)
6. Жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстан Республикасының Заңы 2 шілде 1998 жыл. (өзгертулер мен толықтыуларды қоса)
7. Ұлттық қауіпсіздік туралы ҚР Президентінің жарлығы 21 желтоқсан 1995 ж (өзгертулер мен толықтыуларды қоса)
8. ҚР Мемлекеттік құпия туралы заң 15 наурыз 1999 ж(өзгертулер мен толықтыуларды қоса)
9. ҚР Президент қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қызмет туралы жарлық 03 қазан 1995 ж (өзгертулер мен толықтыуларды қоса)
10. ҚР ПО туралы жарлығы 21 желтоқсан 1995 ж (өзгертулер мен толықтыуларды қоса)
11. ҚР Сот жүйесі және сот мәртебесі туралы ҚР президентінің заң күші бар жарлығы 25 желтоқсан 2000 ж(өзгертулер мен толықтыуларды қоса)
12. Терроризмен күресу туралы ҚР заңы 14 шілде 1999 ж(өзгертулер мен толықтыуларды қоса)
13. Закон РК “О государственном контроле за оборотом отдельных видов оружия” от 30.12.1998г.
14. ҚР Прокуратурасы туралы заң 21 желтоқсан 1995 ж (өзгертулер мен толықтыуларды қоса)

#### Б) Арнайы әдебиеттер:

1. Криминалистика: учебник / Аверьянов Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г., Россинская Т.Н. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма, 2008.
2. Белкин Р.С. Курс криминалистики, Т.3, М., 1997.
3. Криминалистика: Учебник / Под ред. Е.П. Ищенко, В.И. Комисарова. – М.: Юристъ, 2007.
4. Криминалистика. Учебник / Под ред. Белкина Р.С. М., 1999.
5. Руководство для следователей. М., 2001.
6. Криминалистика: Учеб. для вузов /И.Ф. Герасимов и др. М.: ВШ, 1994.
7. Процессуальные аспекты международного сотрудничества органов предварительного следствия МВД Российской Федерации. –М.: Московский психолого-социальный институт; Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2000. – 128 с. (Серия «Библиотека студента»).
8. Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г., Россинская Е.Р. Криминалистика: Учебник для вузов/Под ред. Проф. Р.С. Белкина. Изд. 2-е. М.: «Норма» - 2003. с. 484-502.

9. Бахтыбаев И.Ж. Концептуальные основы деятельности прокуратуры Республики Казахстан по обеспечению законности: Монография. Алматы: «Жеті Жарғы» 2008 , с-379-381., 643-647.
10. Алауханов Е.О. Пайдақорлық-зорлық қылмыстардың алдын алудың криминологиялық проблемалары. Монография. - Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2005.-304 бет.
11. Алауханов Е.О. Турсынбаев Д.Е. борьба с коррупцией в государственных органах РК Учебная пособие. – Алматы 2008, с 169-193
12. Обобщение судебной практики. Применение некоторых норм уголовнопроцессуального кодекса РК об обеспечении прав и свобод граждан в уголовном процессе. Бюллетень Верховного Суда РК. – 2010. № 4. с 50-82

## **7.2. Аралық аттестацияға (экзамен) дайындалу үшін сұрақтар:**

- 1.Криминалистиканың ғылым ретіндегі ұғымы.
2. Криминалистиканың ғылым ретіндегі объектілік-пәндік саласы.
3. Іздеуші-танымдық қызмет.
4. Криминалистиканың пәні.
5. Криминалистиканың жүйесі.
6. Криминалистиканың әдістері.
7. Криминалистикалық идентификацияның ұғымы.
8. Криминалистикалық диагностиканың ұғымы.
9. Жедел-іздігіру ақпаратының ұғымы.
10. Жедел-іздігіру ақпаратына қойылатын талаптар.
11. Жедел-іздігіру ақпаратының танымдық сипаты.
12. ЖІҚ ақпаратпен қамтамасыз ету тактикасы.
13. Кедендік тергеу және анықтау бөлімшелерімен жедел-іздігіру ақпараттарын қолдану нәтижелері.
14. Кеден органдарының құқық қорғаушылық қызметінің міндеттерін технико-криминалистикалық шешу.
15. Кеден органдарының құқыққорғаушылық қызметін жүргізу кезінде компьютерлік технологияларды қолданудың негізгі бағыттары.
16. Жедел-іздігіру шаралары. Олардың түрлері.
17. Кеден органдарында анықтау қызметінің ұғымы.
18. Криминалистикалық есеп.
19. Алғашқы тергеу әрекеттерінің ұғымы.
20. Кейінгі тергеу әрекеттерінің түсінігі.
21. Кеден органдарының құқыққорғаушылық қызметінің қылмыстық-құқықтық және қылмыстық іс жүргізушілік нысаны.
22. Кеден органдары арнайы білімдерді пайдаланатын - субъект.
23. Арнайы білімдерді пайдалану нысандары.
24. Контрабанданы тергеу кезінде жүргізілетін алғашқы тергеу әрекеттері.
25. Кедендік төлемдер мен алымдарды төлеуден жалтарумен байланысты істер бойынша анықтау жүргізуді криминалистикалық қамтамасыз ету.
26. Кеден органдарының қылмыстық іс жүргізушілік қызметінде тактико-криминалистік ақпараттарды қолдану.
27. Кеден органдарының функциялары.
28. Кеден органдарының тергеу органдарымен өзара әрекеттесуі.
29. Контрабанданы ашу және тергеу әдістемесі.
30. Контрабанданың криминалистикалық сипаттамасы.
31. Криминалистикалық әдістеменің ұғымы.

32. Криминалистикалық сипаттама.
33. Кеден құжаттарын жедел диагностикадан өткізудің техникалық тәсілдері.
34. Криминалистикалық тактиканың ұғымы.
35. Жеке тергеу әрекеттерінің тактикасының жалпы ережелері.
36. Кеден органдары жүргізетін істер бойынша қылмыстық істерді қозғаудың тәртібі.
37. Жоспарлау арқылы анықтау жүргізуді ұйымдастыру.
38. Берілетін өнімдерге жедел бақылауды жүзеге асыру кеден органдарының кешенді жедел-іздігі шаралары.
39. Экономикалық контрабанданың криминалистикалық аспектілері.
40. Кеден органдарының іздеуші-танымдық қызметіндегі криминалистикалық техниканың ақпараттық құралдары.

### 7.3. Тест тапсырмалары

1. 1. Криминалистикалық әрекеттердің заңдылықтары қай ғылымның пәнін құрайды
  1. қылмыстық құқық
  2. криминология
  3. азаматтық іс - жүргізу құқығы
  4. криминалистика
  5. прокурорлық қадағалау
2. Криминалистика ғылымының зерттеу объектісі
  1. криминалистиканың негізгі теориялық дамуы
  2. шет елдік тәжірибе арқылы қылмыстың алдын алуды үйрену
  3. тактикалық амалдарды жүзеге асыру негізінде тергеу әрекеттерін жүргізу
  4. техникалық әрекет арқылы дәлелдемелер жинауды жүзеге асыру
  5. салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілердің көлемін анықтау
3. Криминалистика ғылымының арнайы әдістерін көрсетіңіз
  1. іздерді табу бойынша техникалық құралдар мен тәсілдерді дайындау
  2. құқық бұзушылықты ескерту бойынша әдістерді дайындау
  3. қылмысты ашу бойынша сұрақтарды дайындау
  4. қылмысты тергеу бойынша әдістерді дайындау
  5. қылмыстың алдын алу, тергеу және ашу бойынша әдістерді дайындау
4. Криминалистика әдістерінде қолданылмайтын ғылымды көрсетіңіз
  1. криминология
  2. қылмыстық құқық
  3. сот медицинасы
  4. сот психиатриясы
  5. дінтану
5. Криминалистикамен тығыз байланысты ғылымды көрсетіңіз
  1. азаматтық құқық
  2. азаматтық іс - жүргізу құқығы
  3. инвестициялық құқық
  4. қылмыстық іс - жүргізу құқығы
  5. қылмыстық атқару құқығы
6. Криминалистиканың жүйесіндегі негізгі бөлімді көрсетіңіз
  1. қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы
  2. қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесі
  3. криминалистикалық одорология

4. құжаттарды криминалистикалық зерттеу
5. сот медицинасы

7. Криминалистика жүйесіндегі негізгі бөлімді көрсетіңіз

1. алаяқтықты тергеу
2. тергеу экспериментінің тактикасы
3. криминалистикалық фотография және бейнежазу
4. криминалистикалық баллистика
5. криминалистикалық тактика

8. Криминалистикалық идентификацияның мәнін құрайды

1. бір топтылығын анықтау
2. тепе - теңдікті анықтау
3. ұқсастықты анықтау
4. біртектілігін анықтау
5. мәліметтің өзара байланысын анықтау

9. Криминалистикалық техника құрамына жатады:

1. криминалистикалық техниканың жалпы ережелері
2. трассология
3. криминалистикалық габитология
4. тергеу эксперименті
5. криминалистикалық тіркеу (есепке алу)

10. Криминалистикалық техника құрамына жатпайды:

1. құжаттарды техникалық зерттеу
2. суық қаруды криминалистикалық зерттеу
3. тінту
4. автортану
5. трасология

11. Қол іздерін табу үшін қолданылатын техникалық құрал:

1. дактилоскопиялық пленка
2. гипс
3. пластилин
4. спектрометр
5. дактилоскопиялық ұнтақтар

12. Беткі қабатты іздер қандай құралмен бекітіледі және алынады:

1. фотоаппаратпен
2. металлоіздегішпен
3. ультракүлгін сәулелерімен
4. дактилоскопиялық пленкамен
5. гипспен

13. Микробөлшектерді алу үшін қандай құрал қолданылады:

1. лупа
2. МБС - 2 (стереоскопиялық микроскоп)
3. рентген аппараты
4. пинцет
5. электрондық микроскоп

14. Инфрақызыл сәулелерімен түсіру – бұл:



1. трасологиялық әдіс
2. қолжазбатану әдісі
3. қылмыстық тіркеу әдісі
4. сот - зерттеу фотографиялық әдіс
5. сот - тергеу фотографиялық әдіс

15. Оқиға болған жерді бағдарлап түсіру – бұл:

1. сот - зерттеу фотографиялық әдіс
2. қылмыстық тіркеу әдісі
3. сот - тергеу фотографиялық әдістері
4. сот - тергеу фотографиясының түрі
5. трасологиялық әдіс

16. Бір нүктеден бірнеше рет фотосуретке түсіру:

1. сызықтық
2. көлденең ( продольная)
3. шеңберлі
4. горизонталды
5. доға тәріздес

17. Ашық алаңда болған оқиғаны түсіру керек:

1. бағдарлап
2. жалпы шолып
3. түйінді
4. детальды
5. түсірудің барлық түрін қолдану керек

18. Трасологияның ғылыми негіздері

1. материалдық объектінің жекелеген тұрақтылығы
2. жекелеген және тұрақтылық объектінің материалдық әлемнің құрылысының көрінісі
3. жекелеген объектілердің биологиялық қасиеттері
4. вариациялық объектілердің қасиеттері
5. физикалық және химиялық қасиеттердің тұрақтылығы

19. Трасологиялық объектіге жатады:

1. протекторлардың іздері
2. негізгі және қосымша іздер
3. қанжар
4. көлік бояуларының бөлшектері
5. құжат бланкілері

20. Төмендегілердің қайсысы трасологиялық объектіге жатады:

1. қан тамшысы
2. талшықтар
3. бытыра
4. мөр таңбасы
5. бұзу құралдарының іздері

21. Гипспен қандай іздер алынады:

1. ленолиум үстіндегі іздер
2. кілем үстіндегі іздер
3. жәбірленушінің киіміндегі іздер
4. тротуардағы іздер

5. жердегі іздер

22. Автокөлікті идентификациялауға болатын іздерді көрсетіңіз:

1. автокөлікке тиелген сусымалы (бидай, арпа және т.б.) жүк
2. асфальтқа төгілген май
3. топырақ жолдағы тежеу
4. батпаққа түскен протектордың ізі
5. жолдың беткі қабатындағы сұйықтың ізі

23. Криминалистикалық габитология ережелері қолданылады

1. қылмыс субъектілерінің жеке басын анықтау кезінде
2. тінту жүргізуде
3. тергеу экспериментінде
4. айыптау қорытындысын жасауда
5. жауап алуда

24. Криминалистикалық габитоскопия зерттейтін адамның сырт келбетінің белгілерін анықтайтын термин

1. адамның сыртқы белгілері
2. адамның сыртқы келбетінің белгілері
3. сыртқы келбетінің адамдық белгілері
4. адамдық келбеттің белгілері
5. адамның сыртқы келбетінің ерекшелік белгілері

25. Адамды идентификациялау мақсатында сыртқы келбетін суреттеу жүйесі

1. криминалистикалық габитология
2. криминалистикалық тіркеуге алу
3. ауызша суреттеу
4. композициялық суреттеу
5. салынған сурет

26. Жеке басы анықталған адамның мәйітін қарау кезінде анықтауға жатпайтын жағдайлар

1. мәйіттің қалпы
2. киімнің, аяқ киімнің жағдайы
3. мәйіттің жатқан жері
4. мәйіт денесіндегі жарақат сипаты
5. сыртқы келбетінің белгілері

27. Криминалистикалық тіркеуге жатпайды

1. сотталған адамдар
2. хабар - ошарсыз кеткендер
3. жеке басы анықталмағандар
4. ауру адамдар
5. есірткі заттарын пайдаланушылар

28. Криминалистикалық тіркеуге жатпайды

1. ұрланған көліктер
2. жалған ақшалар
3. оқиға болған жерде табылған атыс қаруы
4. ашылмаған қылмыстар бойынша табылған іздер
5. қылмыскерлердің көліктері

Криминалистикалық тіркеуге жатпайды

1. ауыр қылмыстардың жасалу тәсілдері
2. жәбірленуші
3. жалған құжаттар
4. ұрланған мал
5. ашылмаған қылмыстар бойынша табылған оқтар мен гильзалар

29. Криминалистикалық тіркеу көмегімен объектілерді идентификациялауға жатады

1. идентификацияның процесуалдық нысаны
2. идентификацияның процесуалдық емес нысаны
3. идентификацияның сараптамалық нысаны
4. идентификацияның тергеу нысаны
5. жедел - іздестіру әрекеті

30. Криминалистикалық тіркеудің негізгі мақсаты

1. жалған ақшаны жасаған құралдарды идентификациялау
2. куәларды іздеу
3. жәбірленушінің мінез - құлқын зерттеу
4. сезіктінің бұрын сотталғанын анықтау
5. құлыпты қандай құралмен бұзғанын анықтау

31. Сотталған адамдарды қандай әдіс - тәсіл бойынша тіркемейді

1. аты - жөні бойынша
2. дактилоскопиялық есепке алу
3. қылмысты жасау әдісі бойынша есепке алу
4. сотталғандардың сыртқы бейнесін есепке алу
5. жазу дағдысының қалыптасу деңгейін есепке алу

32. Құжатсыз мәйітті тіркегенде ескерілмейді

1. мәйіттің сыртқы бейнесі
2. дактилоскопиялық есепке алу
3. сигналитикалық түсіру
4. аты - жөні бойынша есепке алу
5. жәбірленушінің киімін бейнелеу

33. Хабар - ошарсыз кеткен адамдарды тіркеу кезінде ескерілмейді

1. сыртқы бейнесі
2. аты - жөні бойынша есепке алу
3. киімін бейнелеу
4. ерекше және көзге түсетін белгілерін есепке алу
5. барлық жағдайлар есепке алынады

34. Криминалистикалық тактиканың құқықтық негізі:

1. криминалистика
2. қылмыстық – атқару құқығы
3. қылмыстық іс жүргізу құқығы
4. қылмыстық құқық
5. соттық дәлелдеу теориясы

35. Криминалистикалық тактиканың құрамына жатпайды:

1. тергеу қарауының тактикасы
2. алу тактикасы
3. сараптама тағайындау тактикасы

4. айғақтарды оқиға болған жерде қарау, тексеру мен нақтылау тактикасы
  5. қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы
36. Криминалистикалық тактиканың құрамына жатады:
1. криминалистикалық фотосурет
  2. құжаттарды техникалық зерттеу
  3. криминалистикалық иістану
  4. суық қаруды зерттеу
  5. ешқайсысы сәйкес емес
37. Тактикалық тәсіл бұл –
1. тергеуді ұтымды ұйымдастыру
  2. қылмыстық заң нормалары
  3. қылмыстық іс жүргізу нормалары
  4. тергеу әрекетін жүргізу кезіндегі тергеушінің ұтымды әрекеті
  5. этиканың, моральдың нормасы
38. Тергеу әрекетін құрайтын негізгі санат:
1. тергеу жағдайы
  2. тактикалық комбинация
  3. тактикалық шешім
  4. тактикалық тәсіл
  5. психологиялық әсер ету әдісі
39. Криминалистикалық тактика ұғымына жатпайды:
1. тактикалық тәсіл
  2. тактикалық ұсыныс
  3. тактикалық операция
  4. тергеу ситуациясы
  5. тергеу кезеңдері
40. Оқиға болған жерді қарауға тән емес:
1. алғашқы тергеу әрекеті
  2. кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеті
  3. іздестіру әрекеті
  4. жедел - іздестіру әрекеті
  5. қылмыстық іс қозғалғанға дейін жүргізілетін әрекет
41. Оқиға болған жерді қарау нәтижесіне әсер ететін жағдай:
1. метеорологиялық жағдайдың өзгеруі
  2. қарауға жататын объектілердің көптігі
  3. ғылыми - техникалық құралдардың болмауы
  4. қарау жүргізуші топтың жетіспеушілігі
  5. барлық жауаптар дұрыс
42. Оқиға болған жерге келгеннен кейінгі тергеушінің жүргізбейтін әрекеті:
1. хаттама толтыру
  2. мамандарға нұсқау беру
  3. қатысушыларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіру
  4. оқиға болған жерді үстірт қарау
  5. жәбірленушіге көмек көрсету
43. Көрсетілген ұсыныстардың қайсысы қарау тактикасына жатады:

1. әрекетті кенеттен, тосыннан жүргізу
  2. жасырудың психологиялық себептерін ескеру
  3. жүргізудің құпияларын сақтау
  4. қылмыскердің жекелей бабын табу
  5. өз уақытында және кейінге қалдырмай дер кезінде жүргізу
44. Оқиға болған жерді қарауға шыққанға дейінгі жүргізілмейтін әрекет:
1. түскен хабарды нақтылау
  2. оқиға болған жерді күзету шараларын қолданғанын анықтау
  3. жәбірленушіден жауап алу
  4. топтың құрамын анықтау
  5. техникалық құралдардың қажеттілігін анықтау
45. Оқиға болған жерге келген кезде міндетті түрде анықталады:
1. қажетті техникалық құрал - жабдықтардың бары
  2. аяқ іздерін бекіту қажеттілігі
  3. суретке түсіру қажеттілігі
  4. оқиға болған жерде өзгерістер енгізілгендігі, енгізілмегендігі
  5. іздерді анықтау үшін объектілерді өңдеу қажеттілігі
46. Тінтудің оқиға болған жерді қараудан айырмашылығы:
1. мамандардың қатысуы
  2. куәлардың қатысуы
  3. табылған объектілерді бекітудің тәсілі
  4. мәжбүрлі іздестіру шараларын жүргізу
  5. заттай дәлелдемелерді табу, бекіту, алу
47. Оқиға болған жерді қарау барысында қандай жалпы міндеттер шешілуге жатпайды:
1. іздерді табу, бекіту, алу
  2. қылмыс механизмін анықтау
  3. қылмыскерді іздестіру үшін ақпарат алу
  4. болжау жасау үшін ақпарат алу
  5. тергеуді жоспарлау
48. Тінту барысында қандай психологиялық тәсіл дұрыс бағыт алуға көмектеседі:
1. бағалы заттардың шығу тегі жөнінде жауап алу
  2. тінтіліп отырған адамның көңіл-күйін назардан тыс қалдырмай бақылау
  3. сыртқы күзетті ұйымдастыру
  4. техникалық құралдарды қолдану
  5. оқиға болған жерді қарау
49. Заттарды іздеп табу және алу мақсатында мәжбүрлеп іске керекті дәлелдемелерді алу әрекеті:
1. тергеу қарауы
  2. тінту
  3. зат алу
  4. ұстау
  5. дәлелдемелерді оқиға болған жерді қарау арқылы алу
50. Тергеуші іздестіру жұмыстарын жүргізеді:
1. тергеу әрекеті
  2. жеке тапсырмалар беру
  3. жедел – іздестіру шаралары

4. сараптама тағайындау
5. барлығы

51. Жауап алу қандай әрекет:

1. жедел- іздестіру әрекеті
2. материалдық іздерді алу
3. қайта құру үрдісі
4. формальды емес әрекет
5. тергеу әрекеті

52. Жауап берушіге қандай сұрақтар қоюға болмайды:

1. негізгі
2. нақтылаушы
3. толықтырушы
4. жетекші
5. бақылау

53. Сезікті жауап беруден бас тартқан жағдайда қолданылатын жауап алудың тактикалық тәсілі:

1. психологиялық байланысты орнату
2. тосын сұрақтардың қойылуы
3. жалған көрсетпелері үшін қылмыстық жауаптылықты ескерту
4. оқиға болған жерде жауап алу
5. аңызға жол беру

54. Сезікті мен жәбірленушінің жауаптарының арасында қарама - қайшылықтар болған жағдайда жүргізілетін тергеу әрекеті:

1. куәлардан жауап алу
2. сот сараптамасын тағайындау
3. беттестіру
4. құжаттарды алу
5. тергеу эксперименті

55. Тергеу экспериментінің негізі:

1. айғақты заттарды іздеу
2. сезіктінің жеке басын анықтау
3. тәжірибелі әрекеттер жүргізу
4. көрсетпелер алу
5. бәрі де дұрыс емес

56. Тергеу экспериментінің тактикасына жатпайды:

1. тәжірибенің жағдайы тексерілетін оқиғаға барынша ұқсас болуы керек
2. тәжірибені бірнеше рет қайталау керек
3. тәжірибені кезең - кезеңімен жүргізу керек
4. тәжірибеге қатысушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтіндей болу керек
5. кейінге қалдырылмай жүргізілуі керек

57. Қандай тергеу эксперименті жүргізілмейді:

1. құбылысты, фактіні қабылдау мүмкіндігі
2. құбылыстың болу мүмкіндігі
3. белгілі бір әрекеттерді жасау мүмкіндігі
4. іздердің механизмін анықтау мүмкіндігі

5. бүтінді бөлшектеп идентификациялау мүмкіндігі
  
58. Тергеу эксперименті кезінде қайта қалпына келтіруге жатпайды:
  1. нұқсан келтірілген объектілердің бөлшектерін қайта қалпына келтіру
  2. оқиға орнындағы алғашқы жағдайды қалпына келтіру
  3. жәбірленушінің дене бітіміне ұқсас маникен жасау
  4. құралдың макетін дайындау
  5. қолжазу үлгілерін алу
  
59. Тану үшін көрсету – бұл:
  1. адамның сырт - келбетін зерттеу
  2. материалды бейнедегі объектілерді теңдестіру
  3. ойдағы бейнемен идентификациялау
  4. тәжірибелі әрекет
  5. іздестіру шаралары
  
60. Тану үшін көрсетудің тактикасына және процесуалдық ережесіне жатпайды:
  1. тану кезектілігін сақтау
  2. танушыдан жауап алу
  3. екі дублердің ұқсас болуы (объектінің танылатын объектіге)
  4. әрекеттің орнын, уақытын анықтау
  5. әрекетті бірнеше рет қайталау
  
61. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың, оқиға болған жерді қараудан айырмашылығы:
  1. екі куәгердің қатысуында
  2. айғақ тексерілетін жердегі жағдайды бекітуде
  3. айғағы тексерілетін тұлғадан алдын ала жауап алуда
  4. криминалист – маманның қатысуында
  5. топ құрамына жедел – іздестіру қызметкерін қосуда
  
62. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың тактикалық тәртібі:
  1. айғағы тексеріліп отырған тұлғаның міндетті түрде қатысуы
  2. айғағы тексеріліп отырған тұлғадан алдын ала жауап алу
  3. тұлғаның ауызша айғақ береді
  4. түсінік беру белсенді әрекетпен жүргізіледі
  5. жоғарыда аталғандардың барлығы
  
63. Жекеленген қылмыс түрлерін тергеу бөлімінің мазмұны оқытады:
  1. криминалистикалық идентификация туралы ғылым
  2. іздер туралы ғылымды
  3. қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасын
  4. тактикалық амалдар туралы ғылым
  5. қылмыстарды криминалистикалық тіркеу
  
64. Жекеленген қылмыс түрлерін тергеу бөлімінің мазмұны оқытады:
  1. қылмыстың жекеленген түрлерін тергеу әдістемесінің жалпы ережелерін
  2. криминалистикалық болжауды
  3. тергеуді жоспарлау туралы ғылым
  4. ұрлық, тонау, қарақшылық қылмыстарын тергеу әдістемесін
  5. криминалистикалық диагностика
  
65. Жеке қылмыстарды тергеу әдістемесінің жалпы мақсаттарын атаңыз:

1. материалдық іздерді табу, бекіту, алу, зерттеу әдістерін өңдеу
  2. қылмыстарды ашудағы, тергеудегі, алдын алудағы бөлімнің ғылыми методикалық кешенін өңдеу
  3. тергеу әрекеттерін рационалды жүргізудегі әдістер мен тәсілдерді өңдеу
  4. криминалистика пәнінің және оның ұғым аппаратының теориялық аспектілерін өңдеу
  5. қылмыстарды тергеуге жағдай жасау
66. Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы – бұл:
1. қылмыстың белгілі бір түрін жасаудың типтік әдістерінің сипаттамасы
  2. қылмыстың белгілі бір түрін тергеу кезінде қолданылатын тактикалық әдіс - тәсілдердің сипаттамасы
  3. қылмыстардың белгілі бір тобының криминалистикалық маңызы бар белгілерінің сипаттамасы
  4. қылмыстарды тергеу процесінде туындайтын типтік тергеу ситуациясының сипаттамасы
  5. қылмыстарды тергеу процесінің сипаттамасы
67. Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы элементтері болып табылмайды:
1. қылмыстың тәсілі
  2. қылмыскердің жеке ерекшеліктері
  3. іздерді табуға арналған ғылыми – техникалық құралдар
  4. қылмысқа қол сұғушылық құралы
  5. қылмыстың жағдайы
68. Кедендік сараптама дегеніміз:
1. кедендік сараптама
  2. криминалистикалық сараптама
  3. кез келген сараптама
  4. кеден ісінің міндеттері шешілетін кез келген сараптамалар
  5. сот-биологиялық сараптамалар
69. Кедендік сараптаманың объектілеріне жатпайды:
1. тауарлардық жолдамалық құжаттары
  2. туристер
  3. көліктік шығындар
  4. халықтың тұтынушылық тауарлары
  5. өнімдер
70. Кеден бақылау процесінде сараптама жүргізілетін мекеме:
1. кеден орталық зертханаларында
  2. тек кеден органдарында
  3. сот сараптама органдарында
  4. ҚР кез келген құзыретті органдарда
  5. әкімшілік органдарда
71. Кедендік рәсімдеу және бақылау барысында сараптама тағайындау кезінде рәсімделеді:
1. сот сараптамасының қаулысы
  2. сараптама туралы қаулы
  3. сараптама тағайындау туралы ұйғарым
  4. сараптама жүргізуге тапсырыс
  5. сотың шешімі



72. Кедендік сараптама тағайындауға құқылы:

1. сараптамалық мекеменің басшысы
2. кез келген сараптама ұйымының сарапшысы
3. кедендік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға, сол кеден органының басшысының келісімімен
4. кеден органының лауазымды тұлғасы
5. кез келген тергеуші

73. Кедендік сараптама жүргізудің мерзімі:

1. он күн
2. он сегіз күн
3. бір ай
4. тауардың уақытша сақтау мерзімінен шықпайтын мерзім
5. екі ай

74. Сынамаларды немесе үлгілерді алу тауарға қатысы бар адамның қатысуысыз алына алады ма:

1. кеден органының қалауымен алына алады
2. алына алады, егер мемлекеттік қауіпсіздікке қауіп төнсе
3. алына алмайды
4. алына алады, кез келген бақылау органдарының қалауымен
5. кез келген уақытта алына алады

75. Қандай ақпараттық белгілерге құқықтық қорғау берілмейді:

1. сәйкестендіру белгісіне
2. тауарлық белгісіне
3. бедел белгісіне
4. өндіруші елдің белгісіне
5. арнайы белгі

76. Қандай тауарлық белгілер өндірушіні идентификациялау үшін қолданылады:

1. фирмалық
2. ассортименттік
3. делдалдық
4. барлығы
5. престиждық

77. Кедендік сараптамаға алынатын үлгілер дегеніміз:

1. нормативті құқықтық құжаттарға сәйкес келеті тауарлар
2. тауарлардың бірлігі
3. тауарлардың бөлігі
4. жақсы сапалық құрамы бар тауарлардың бірлігі
5. нашар сапалық құрамы бар тауарлардың бөлігі

78. Сынамалар сараптамалық қызметке тасмалданады:

1. тауардың иесімен
2. бандерольмен
3. фельдъегерскілік поштамен
4. сараптама мекемесінің сарапшысымен

79. Жедел-іздістіру қызметі дегеніміз-

1. тергеу әрекеті
2. сот әрекеті

3. сараптамалық әрекет
4. процессуалдық әрекет
5. процессуалдық емес әрекет

80. Жедел-іздістіру шараларына жатады

1. тінту
2. сараптама тағайындау
3. сұрау жүргізу
4. жауап алу
5. жоғардағылардың барлығы

**Жауаптар:**

1-4; 2-1; 3-5; 4-5; 5-4; 6-2; 7-5; 8-2; 9-1; 10-3; 11-5; 12-4; 13-1; 14-2; 15-1; 16-3; 17-2; 18-2;  
19-1; 20-5; 21-5; 22-4; 23-1; 24-1; 25-1; 26-5; 27-4; 28-5; 29-4; 30-4; 31-5; 32-4; 33-5; 34-1;  
35-5; 36-5; 37-4; 38-1; 39-5; 40-3; 41-5; 42-3; 43-4; 44-3; 45-4; 46-4; 47-5; 48-2; 49-2; 50-5;  
51-5; 52-4; 53-5; 54-3; 55-3; 56-5; 57-5; 58-5; 59-4; 60-2; 61-2; 62-5; 63-3; 64-1; 65-2; 66-5;  
67-1; 68-4; 69-2; 70-1; 71-2; 72-3; 73-4; 74-2; 75-3; 76-4; 77-3; 78-3; 79-4; 80-3.